

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 11 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 ақпанда № 13218 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз!

Әлеуметтік салада мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесін және қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін шешімдерінің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін тізбеге 3-қосымшаның 28-тармағын және 6-қосымшаның 65, 66, 67, 68 және 69-тармақтарын

қоспағанда, 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және әлеуметтік

даму министрі

Т. Дүйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуроры

_____ А. Дауылбаев

2016 жылғы 22 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

_____ А. Сәрінжіпов

2016 жылғы 18 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрі

_____ А.Исекешев

2016 жылғы 20 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2016 жылғы 26 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы № 11 бұйрығына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін
пешімдерінің тізбесі**

1. "Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы

төлемдерді есептеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 4 мамырдағы № 168-ө-м бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7706 болып тіркелген, 2012 жылғы 11 тамызда № 495-500 (27573) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті есептеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті есептеу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді есептеу қағидасында:

2-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті есептеу тәртібі";

4-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"(n + x) – ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті тағайындауға өтініш білдірген (қайта есептеген) жыл.";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмек (АТ) ай сайынғы төлем мөлшерін (АСТМ) ЕТЖ жинаққа көбейту арқылы айқындалады:

$$АТ = АСТМ * ЕТЖ_{жинақ}$$

6. Бір азаматқа екі немесе одан да көп рет зиян келтірілген жағдайда, ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмек мөлшері сәйкесінше екі немесе одан да көп рет есептеледі және алынған екі немесе одан да көп АТ соңғы АТ айқындау үшін қосылады .";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмек мөлшерін жыл сайын арттыру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ұсынатын келесі 3 жылға арналған жылдық инфляцияның болжамды деңгейінің негізінде жүзеге асырылады."

2. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 03.08.2017 № 232 бұйрығымен

3. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 02.12.2016 № 1022 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының уәкілетті ұйыммен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы ақпарат алмасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 202 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9896 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 ақпандағы № 38 (28516) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы ақпарат алмасу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы ақпарат алмасу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының уәкілетті ұйыммен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы ақпарат алмасу қағидалары осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

5. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 09.06.2023 № 213 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. "Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11110 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 маусымда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидалары осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.06.2020 № 217 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 05.12.2024 № 447 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрлігінің өзгерістер
енгізілетін шешімдерінің тізбесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2014 жылғы 22 қаңтардағы
№ 12-ө бұйрығына
1-қосымша

Салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша дерекқорын және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру қағидалары

1. Осы Салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша дерекқорын және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру қағидалары "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін (бұдан әрі – бірыңғай тізім), салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша дерекқорын (бұдан әрі – дерекқор) қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ)

күн сайын беретін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңадан жасалған және қолданысы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтердің негізінде бірыңғай тізімді қалыптастырады және күн сайын дерекқорды жаңартып отырады.

3. Бірыңғай тізім әрбір салымшы (алушы) бойынша мынадай:

1) салымшының (алушының) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, туған жері, жынысы, тұрғылықты жерінің мекенжайы, азаматтығы;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың сериясы және нөмірі, көрсетілген құжаттардың берілген күні және оларды берген органның атауы;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және берілген күні өзгергені туралы ;

4) азаматтығының өзгергені, бірыңғай тізімдегі міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың ашылғаны немесе жабылғаны туралы;

5) салымшы (алушы) деректемелерінің, мәртебесінің өзгергені туралы дербестендірілген деректерді қамтиды.

4. Дерекқор әрбір салымшы (алушы) бойынша дербестендірілген деректерден басқа, осы қағидалардың 3-тармағында көрсетілген мынадай:

1) аударылған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) өсімпұлдар, сондай-ақ белгіленген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес оларды қайтару туралы;

2) белгіленген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес агенттің атауы мен деректемелерін қоса алғанда, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер туралы;

3) зейнетақы жинақтарының сомасы туралы мәліметтерді қамтиды.

5. Мемлекеттік корпорация бірыңға БЖЗҚ-дан алынған мәліметтердің негізінде Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар туралы мәліметтердің бірыңғай тізімге енгізілгені немесе енгізілмегені туралы хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) БЖЗҚ-ға жібереді.

Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар туралы мәліметтерді енгізуден бас тартылған жағдайда, Хаттама Мемлекеттік корпорация мен БЖЗҚ арасындағы Ақпарат алмасу туралы шартқа сәйкес енгізілмеу себебін көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы енгізілмеген шарттар туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

6. Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-мен бірге салымшыларда (алушыларда) міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен кемінде бір жеке зейнетақы шотының болуын қамтамасыз етеді.

Бұрын жасалған міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт болған жағдайда, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға және жаңа агент міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жаңа жеке зейнетақы шотын ашпастан, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтінішке қол қояды.

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңа шарт бойынша келіп түскен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, инвестициялық табыс, өсімпұл және өзге де түсімдер бұрын жасалған міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың негізінде ашылған салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотында есепке алынады.

7. Мемлекеттік корпорация күн сайын БЖЗҚ-мен міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміндегі салымшылардың (алушылардың) деректемелерін Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорындағы мәліметтерімен салыстырып тексеруді жүргізеді.

8. Салымшылардың (алушылардың) деректемелерінде: тегінде, атында, әкесінің атында (бар болса), туған күнінде, ЖСН мен жынысында айырмашылықтар анықталған кезде Мемлекеттік корпорация салымшының деректемелерін Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорындағы деректермен сәйкестікке келтіреді.

9. Салымшының (алушының) деректемелері өзгергені туралы мәліметтерді БЖЗҚ-ға беру ақпаратты жеткізудің автоматтандырылған қаржы жүйесін пайдалана отырып, Мемлекеттік корпорация мен БЖЗҚ арасындағы шартқа сәйкес айқындалған электрондық тәсілмен бірыңғай тізімге өзгерістерді енгізген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

10. БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациядан салымшының (алушының) деректемелері өзгергені туралы мәліметтерді алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей БЖЗҚ-ның автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне өзгерістер енгізеді.

11. Жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 1 наурызына дейін Мемлекеттік корпорация мен БЖЗҚ арасында дерекқорды салымшылардың (алушылардың) мәртебелерін ескере отырып, уәкілетті мемлекеттік органның Орталықтандырылған дерекқорындағы олардың деректемелеріне сәйкестігін салыстырып тексеру жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрлігінің өзгерістер
енгізілетін шешімдерінің тізбесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданысын тоқтатқан шарттар жөніндегі мәліметтерді электрондық құжат айналымын пайдалана отырып ұсыну қағидалары

1. Осы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданысын тоқтатқан шарттар жөніндегі мәліметтерді электрондық құжат айналымын пайдалана отырып ұсыну қағидалары "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданысын тоқтатқан шарттар жөніндегі мәліметтерді электрондық құжат айналымын пайдалана отырып ұсыну тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры күн сайын Мемлекеттік корпорацияға салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданысы тоқтатылған шарттар жөніндегі мәліметтерді осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы және алдағы жұмыс күні үшін береді.

3. Мәліметтерді беру күн сайын Мемлекеттік корпорация мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасындағы шартқа сәйкес айқындалған электрондық тәсілмен ақпаратты жеткізудің автоматтандырылған қаржы жүйесі пайдаланыла отырып, Астана қаласының ағымдағы күнгі уақытының 23 сағат 30 минутынан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік корпорация мәліметтер келіп түскен күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына осы мәліметтердің Мемлекеттік корпорацияға келіп түскені туралы куәландыратын электрондық хабарламаны және Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы

жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жөніндегі мәліметтердің бірыңғай тізімге енгізілгені немесе енгізілмегені туралы хаттаманы жібереді.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданысын тоқтатқан шарттар жөніндегі мәліметтерді электрондық құжат айналымын пайдалана отырып ұсыну қағидаларына қосымша

НЫСАН

20__ жылғы " __ " _____ міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтер

Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болса)	Салымшының жынысы	Туған күні (жылы, айы, күні)	Жеке сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Салымшының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері		Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасалғаны жөніндегі мәліметтер		Салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотының нөмірі	Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуы тоқтатылған және жеке зейнетақы шотының жабылған күні (жылы, айы, күні)	Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуының тоқтатылуының себебі
Нөмірі	Берілген күні (жылы, айы, күні)	Нөмірі	Берілген күні (жылы, айы, күні)			
7	8	9	10	11	12	13

Ескертпе:

12, 13 – бағандар міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде толтырылуға міндетті.

13 – бағанда міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуын тоқтатудың себебіне қарай тиісті белгі көрсетілуге тиіс:

1 – "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомаларын төлеу;

2 – төтенше немесе ең жоғары радиациялық қатер аймағында тұратын адамдардың зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

3 – 5 және одан да көп бала тәрбиелеген әйелдердің зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

4 – Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

5 – салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының сақтандыру ұйымына аударылуына байланысты;

6 – алушының қайтыс болуына байланысты мұрагеріне (мұрагерлеріне) зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

7 – алушының қайтыс болуына байланысты жерлеуге зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

8 – Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы бұрын қолданыста болған заңнамасы бойынша зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

9 – салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы екі және одан көп шарт болған кезде жинақтаушы зейнетақы шоттарын біріктіру;

10 – зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың болмауы;

11 – еңбек сіңірген жылдар бойынша зейнетақы жинақтарының барлық сомаларын төлеу;

12 – заңды күшіне енген сот шешімі негізінде зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты бұзу;

13 – жинақтаушы зейнетақы шотында жинақтар болмаған кезде салымшының (алушының) бастамасы бойынша біржақты тәртіппен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты бұзу;

14 – өзгелері (Ақпарат алмасу туралы шартқа сәйкес).

Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрлігінің өзгерістер
енгізілетін шешімдерінің тізбесіне
3-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің
02.12.2016 № 1022 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрлігінің өзгерістер
енгізілетін шешімдерінің тізбесіне
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрінің
2014 жылғы 29 қазандағы
№ 202 бұйрығымен
бекітілген

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының
"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен
салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы
ақпарат алмасу қағидалары**

1. Осы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы ақпарат алмасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 34-бабы 9-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы ақпаратты ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен Мемлекеттік корпорация арасында алмасуға жататын ақпарат:

1) салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ашылған жеке зейнетақы шоттары туралы;

2) салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданысы тоқтатылған шарттар туралы;

3) өздерінің пайдасына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміндегі (бұдан әрі – жеке тұлғалардың бірыңғай тізімі) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік

зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарға өзекті сипат беру туралы;

5) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына зейнетақы төлемдерінің және (немесе) аударымдарының мөлшерлері туралы;

6) мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорындағы салымшыда (алушыда) мүгедектіктің болуын белгілеу күні мен мерзімін растау туралы.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Мемлекеттік корпорацияға:

1) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей аталған айдың 1-күніндегі жағдай бойынша осы Қағидалардың 2-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген мәліметті, оның ішінде осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша инвестициялық табыс, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына әрбір салымшы (алушы) бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшері және (немесе) аударымдары туралы мәліметті;

2) күн сайын, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ағымдағы және алдағы жұмыс күндеріне осы Қағидалардың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мәліметті береді.

4. Мемлекеттік корпорация ұсынылған ақпарат негізінде:

1) инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-күніне бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма туралы деректерді, оның ішінде Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар адамдар бойынша ақпаратты;

2) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың дербестендірілген есебін жүргізу үшін салымшылардың (алушылардың) дерекқорын және жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастырады.

5. Мемлекеттік корпорация осы Қағидалардың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген ақпаратты, түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жібереді.

6. Мемлекеттік корпорация күн сайын, өткен жұмыс күніне, осы Қағидалардың 2-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген ақпаратты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жібереді.

7. Ақпарат алмасу осы Қағидаларда айқындалған мерзім бойынша электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет"

мемлекеттік корпорациясымен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы ақпарат алмасу қағидаларына
1-қосымша

НЫСАН

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтарының сомасы және инвестициялық табыс туралы ақпарат

(зейнетақы жарналарының түрі көрсетіледі: міндетті зейнетақы жарналары/міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары)

Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Жеке сәйкестендіруші нөмірі	Жынысы	Шарттың нөмірі	Шарттың күні
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-күніндегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы, оның ішінде:	
Инвестициялық табысты ескермегендегі зейнетақы жинақтарының сомасы	Инвестициялық табыс
9	10

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет"

мемлекеттік корпорациясымен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы ақпарат алмасу қағидаларына
2-қосымша

НЫСАН

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына төленетін зейнетақы төлемдері мен аударымдары туралы ақпарат

(зейнетақы жарналарының түрі көрсетіледі: міндетті зейнетақы жарналары/міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары)

Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Жеке сәйкестендіруші нөмірі	Жынысы	Шарттың нөмірі	Шарттың күні
------	-----	--------------------------	------------	-----------------------------	--------	----------------	--------------

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

кестенің жалғасы

Зейнетақы жинақтарының төлеу/аудару сомасы	Зейнетақы жинақтарын төлеу/аудару күні	Зейнетақы жинақтарын төлеу/аудару себептері*
9	10	11

Ескертпе:

9-11 бағандар әрбір зейнетақы жинақтарын төлеу/аудармау бойынша жеке толтырылады;

*- оның ішінде салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының "Азаматтарға арналған үкімет"

мемлекеттік корпорациясымен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы ақпарат алмасу қағидаларына
3-қосымша

НЫСАН

20 ____ жылғы " ____ " _____

салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтер

Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болса)	Салымшының жынысы	Туған күні (жылы, айы, күні)	Ж е к е сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Салымшының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері	Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған шарттар бойынша мәліметтер		Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуы тоқтатылған және жеке зейнетақы шотының жабылған күні (жылы, айы, күні)	Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуының тоқтатылу себебі
Нөмірі	Берілген күні (жылы, айы, күні)	Шарттың нөмірі	Шарт жасалған күн (жылы, айы, күні)	

Ескертпе: 11, 12 – бағандар міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде толтырылады.

12 – бағанда міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуын тоқтатудың себебіне қарай тиісті белгі көрсетіледі:

1 – "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

2 – төтенше немесе ең жоғары радиациялық қатер аймағында тұратын адамдардың зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

3 – 5 және одан да көп бала тәрбиелеген әйелдердің зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

4 – Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

5 – салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының сақтандыру ұйымына аударылуына байланысты;

6 – алушының қайтыс болуына байланысты мұрагеріне (мұрагерлеріне) зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

7 – алушының қайтыс болуына байланысты жерлеуге зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

8 – Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы бұрын қолданыста болған заңнамасы бойынша зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

9 – салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы екі және одан көп шарт болған кезде жинақтаушы зейнетақы шоттарын біріктіру;

10 – зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың болмауы;

11 – еңбек сіңірген жылдар бойынша зейнетақы жинақтарының барлық сомаларын төлеу;

12 – заңды күшіне енген сот шешімі негізінде зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты бұзу;

13 – жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотында түсімдер мен зейнетақы жинақтары болмаған жағдайда жеке

зейнетақы шоты ашылған күннен бастап отыз алты ай өткен соң зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты бұзу;

14 – сот шешімі бойынша зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

15 – өзгелері (Ақпарат алмасу туралы шартқа сәйкес).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрлігінің өзгерістер
енгізілетін шешімдерінің тізбесіне
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 09.06.2023 № 213 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрлігінің өзгерістер
енгізілетін шешімдерінің тізбесіне
6-қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрінің
2015 жылғы 14 сәуірдегі
№ 223 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3 және 6-баптарына, "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 7-баптарына, "Қазақстан

Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабына сәйкес әзірленді және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) жасына байланысты зейнетақы төлемдері – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі бар жеке тұлғаларға еңбек өтіліне барабар жүзеге асырылатын ақшалай төлем;

3) зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, тиісті банк операцияларының түрлерін реттеу және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпочта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

4) зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық органдары;

5) зейнетақы мен жәрдемақы алушы (бұдан әрі – алушы) – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдері және (немесе) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы және (немесе) мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындалған жеке тұлға;

6) мемлекеттік арнайы жәрдемақылар – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жерасты және ашық кен жұмыстарында, жұмыс жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмыс өтілі болған адамдарға берілетін ақшалай төлем;

7) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, азаматтарға мүгедектік туындаған, асыраушысынан айрылған кезде және жасына байланысты берілетін ай сайынғы ақшалай төлемдер;

8) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі (бұдан әрі – базалық зейнетақы) – Заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенде берілетін ай сайынғы ақшалай төлем;

9) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері – Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелері;

10) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдары;

11) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі – МӘС бөлімшесі) – уәкілетті органның медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін құрылымдық бөлімшесі;

12) орталықтандырылған дерекқор (бұдан әрі – ОДҚ) – Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасы аясында белгіленген шарттарда төлемдер түрлерін жүзеге асыруға арналған орталық атқарушы органның орталықтандырылған дерекқоры;

13) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

14) өтініш беруші – базалық зейнетақы және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемін және (немесе) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы және (немесе) мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындауға жүгінетін жеке тұлға;

15) істің электрондық макеті (бұдан әрі – ІЭМ) – Мемлекеттік корпорация қалыптастыратын жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, базалық зейнетақы, мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы, мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушы ісінің электрондық макеті;

16) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

17) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық біріктірілген үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе.

2. Зейнетақыларды және жәрдемақыларды Мемлекеттік корпорация, МӘС бөлімшесі арқылы тағайындауға жүгіну тәртібі

3. Базалық зейнетақы мен жасына байланысты зейнетақы төлемдерін (бұдан әрі – зейнетақылар), мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнайы жәрдемақыны (бұдан әрі – жәрдемақылар) алуға құқығы бар адамдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және сәйкестендіру үшін – жеке басты куәландыратын құжатты ұсынады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны тағайындауға өтініш тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне беріледі.

Базалық зейнетақы мен жасына байланысты мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға өтініш тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе портал арқылы беріледі.

Мүгедектік алғаш рет белгіленген жағдайда, адам мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен тұрғылықты жері бойынша МӘС бөлімшесіне жүгінеді.

Өтініш қабылданған кезде жеке басты куәландыратын құжат туралы, тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) алады.

Ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

жеке басты куәландыратын құжаттың (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты) көшірмесі;

тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімдерінің анықтамасы, Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Ресей Федерациясы Байқоңыр қаласы тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімнің анықтамасы).

Өтінішке сондай-ақ зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шотының нөмірі туралы немесе қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер қоса беріледі.

Іс-әрекетке қабілетсіз, қабілеті шектеулі немесе қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа мұқтаж адамдарға зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау үшін өтінішті және қажетті құжаттарды олардың заңды өкілдері береді.

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау үшін өтінішті 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша үшінші тұлғалар береді.

4. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында тізбеленген құжаттарға мыналарды қоса береді:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаға төленген және міндетті зейнетақы жарналары табысынан жүзеге асырылған табыс сомалары туралы анықтама немесе дара кәсіпкерлердің, адвокаттардың жеке нотариустардың, сот орындаушыларының және кәсіби медиаторлардың мемлекеттік кірістер органы берген табыс туралы құжат.

Ұйым (кәсіпорын) таратылған жағдайда табыс туралы мәліметтер көрсетілген мұрағат анықтамасы ұсынылады.

Орташа айлық табыс туралы мұрағат анықтамасын беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, орташа айлық табыстың мөлшері жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкес белгіленеді.

"Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген адамдар Ресей Федерациясының валютасымен төленген табысы туралы жұмыс берушінің анықтамасын ұсынады. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамы туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсынан алады.

2) өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжаттар:

еңбек кітапшасы;

егер еңбек қызметі туралы жазбалар еңбек кітапшасына енгізілмесе немесе түзетулер бар болса, мұрағат мекемелерінен немесе жұмыс орнынан анықтамалар;

білімі туралы құжат;

әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы

;

балалардың туу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама).

Қажет болған жағдайда сондай-ақ (олардың бар-жоғына қарай) мынадай құжаттар ұсынылады:

"Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес прокуратура органдары берген ақталуы туралы анықтама;

әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы;

бірінші топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғыздікті мүгедекке және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он алты жасқа дейінгі мүгедекке күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын соттың шешімі;

бұрынғы кеңестік мекемелер, Қазақстан Республикасы мекемелері, халықаралық ұйым қызметкерінің жұбайының (зайыбының) шетелде тұрғанын растайтын құжат;

әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің жұбайының (зайыбының) жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоқ жерлерде тұрғанын растайтын құжат;

3) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы /қамқоршы тегін өзгерткен кезде).

5. 5 және одан да көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалған жағдайда қосымша: балалардың туу туралы куәліктері (немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) және балаларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген фактіні растайтын құжаттар ұсынылады.

Балаларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген фактіні растайтын құжаттарға (олардың бар-жоғына қарай) мыналар жатады:

1) балалардың жеке басын куәландыратын құжаттар;

2) балалардың неке туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде);

3) балалардың оқу орнында оқитыны туралы құжат;

4) балалардың тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелген орнын растайтын құжат;

5) балалардың қайтыс болу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органы берген қайтыс болу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

6) әскери билет;

7) баланы (балаларды) тәрбиелеу, асырап алу фактісін белгілеу туралы соттың шешімі.

6. Төтенше және аса жоғары радиациялық қатер аймақтарында тұрған адамға жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалған жағдайда, 1949 жылғы 29 тамыз бен 1963 жылғы 5 шілде аралығында төтенше және аса жоғары радиациялық қатер аймақтарында 5 жыл бойы тұру фактісін растайтын құжат қосымша ұсынылады.

7. Мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау үшін осы Қағидалардың 3-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа, мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорынан өтініш берушіге мүгедектік белгілеу туралы мәліметтер сұратылады.

Мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорында мәліметтер болмаған жағдайда өтінішке мүгедектік туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

Қажет болған жағдайда (олардың бар-жоғына қарай) мынадай құжаттардың біреуі ұсынылады:

1) Радиациялық әсерге ұшыраған адамдардың ауруының, мүгедектігінің себептік байланысын белгілеу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық кеңестің шешімі;

2) Орталық әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі;

3) госпиталь берген ауруы туралы куәлік немесе әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы;

4) он алты жасқа дейінгі мүгедек баланың туу туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

5) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы /қамқоршы тегін өзгерткен кезде).

8. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа:

1) асыраушының қайтыс болғаны туралы куәлікті немесе адамды хабар-ошарсыз кеткен (қайтыс болған) деп тану туралы соттың шешімін;

2) асырауындағы адамның қайтыс болған адаммен туыстық қатынастарын растайтын құжатты (туу туралы, неке туралы, некені бұзу туралы, әке болуды (ана болуды) белгілеу туралы куәлік және тағы басқалар) ұсынады.

Қажет болған жағдайда (олардың бар-жоғына қарай) мынадай құжаттар ұсынылады :

1) азаматтық хал актілерін жазу органдарының анықтамасы (егер туу туралы куәлікте әкесі туралы мәліметтер анасының мәлімдеуі бойынша енгізілсе);

2) егер он сегіз бен жиырма үш жас шамасындағы асырауындағы адамдар күндізгі оқу бөлімінің оқушылары болып табылса, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орнының анықтамасы (жыл сайын беріледі);

3) қамқоршы немесе қорғаншылық белгілеу туралы құжат;

4) қаза тапқан (қайтыс болған) адамның әскери билеті не әскери қызмет өткергені туралы анықтама;

5) әскери қызметшінің, ішкі істер органдары мен бұрынғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқару немесе әскери қызмет өткеру кезінде алған жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруы салдарынан қаза болғаны немесе қайтыс болғаны туралы анықтама.

9. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау кезінде қайтыс болған асыраушының сегіз жасқа толмаған балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысатын адам жыл сайын еңбек қызметін тоқтатқаны туралы жазбасы бар еңбек кітапшасын ұсынады , ол болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ақпараттық жүйелерден адамның дара кәсіпкер ретінде тіркелмегені туралы және орталық атқарушы органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен міндетті зейнетақы жарналарын аудару фактісінің болмауы туралы мәліметтерді сұратады.

10. Мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа:

1) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс сипатын немесе еңбек жағдайларын растайтын ұйымның анықтамасын ұсынады.

Ұйым таратылған жағдайда жұмыс орны, атқарған лауазымы, кәсібі, жұмыс кезеңдері, мұрағат ісінің нөмірі, оның беттері көрсетілген, мөрмен және мұрағат директоры мен мұрағатшының қолы қойылып расталған мұрағат анықтамасы ұсынылады.

Мұрағат құжаттары болмаған жағдайда жұмыс сипаты немесе еңбек жағдайлары және олардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 қаулысымен бекітілген Жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 тізіміне немесе Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 2 тізіміне сәйкестігі сот органдары арқылы белгіленеді;

2) осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген, еңбек өтілін растайтын құжаттарды ұсынады.

11. Өтініш беруші зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындау үшін жүгінген кезде өтініш берушіде тағайындау немесе төлем тағайындауға өтініш беру фактісінің болуына тексеру жүзеге асырылады.

Орталық атқарушы органның ақпараттық жүйесінен тиісті төлемді тағайындау немесе зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған кезде өтініш берушіге мүлтіксіз осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

12. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіден тиісті төлемді тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтерді тексереді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің өтініш беруші осы Қағидалардың 3-10-тармақтарына сай ұсынған түпнұсқаларына сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

13. Өтініш беруші құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған немесе зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындауға құқығы болмаған жағдайда өтініш берушіге мүлтіксіз осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындауға өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

14. Мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға өтініш қабылданған жағдайда МӘС бөлімшесі өтініш қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініштен және өтініш беруші түпнұсқада ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса алғанда, құжаттардың топтамасынан, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық

жүйелерінен алынған мәліметтерден тұратын электрондық өтінімді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді.

15. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде маман табыс туралы анықтамада көрсетілген сомалардың салымшының транзиттік шотындағы айналымдардың электрондық үзінді көшірмесіне сәйкес келуін тексереді, көрсетілген сомалар сәйкес келмеген жағдайда өтініш берушіден осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс орнынан міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы растау анықтама ұсынуды сұрайды.

Анықталған айырмашылықтар нақтыланғанға дейін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуге арналған орташа айлық табыс айырмашылық анықталған айлар үшін табыс сомалары ескерілмей айқындалады.

16. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау туралы өтініш осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау (қайта есептеу) туралы азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі. МӘС бөлімшесі және портал арқылы келіп түскен электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.

17. Өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдері және мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындалғаннан кейін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі еңбек кітапшасын өтініш берушіге қайтарады.

18. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы үлесіне құқығы бар адам өтінішпен және осы Қағидалардың 3 және 8-тармақтарында көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жүгінеді.

Үлес алушының тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі бір жұмыс күні ішінде асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау туралы өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды негізгі алушының тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне электрондық түрде жібереді.

Негізгі алушының тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде үлес алушы жәрдемақысының мөлшерін көрсете отырып негізгі алушыға асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға шешімнің электрондық жобасын қалыптастырады және Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы уәкілетті органға жібереді.

3. Базалық зейнетақыны және жәрдемақыларды портал арқылы тағайындауға жүгіну тәртібі

19. Өтініш беруші базалық зейнетақыны және жасына байланысты мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша портал арқылы төлем тағайындауға өтініште көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш беруші өзі жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұрау салынған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде портал арқылы сұрау салуды жүзеге асырған өтініш беруші электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және оны орталық атқарушы органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жібереді.

Портал арқылы келіп түскен базалық зейнетақы және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін берілген электрондық өтініш мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

- 1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;
- 2) тағайындау, төлеу, сондай-ақ базалық зейнетақы және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы;
- 3) өтініш берушінің зейнеткерлік жасқа жетуі;
- 4) өтініш берушіге басқа негіз бойынша төлем тағайындау.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексеру нәтижесі оң болған жағдайда өтініш өңдеуге арналған кіріс хабарламалар журналына орналастырылады.

Базалық зейнетақы және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға портал арқылы жүгінген өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама өтініш берушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

4. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау тәртібі

20. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жасына байланысты зейнетақы төлемдерін үш жұмыс күні ішінде, базалық зейнетақыны және жәрдемақыларды екі жұмыс күні ішінде тағайындауға ІЭМ-ді және шешімнің жобасын қалыптастырады.

Қалыптастырылған ІЭМ зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы уәкілетті органға жіберіледі.

Зейнетақы ісінің/жәрдемақы алушы ісінің осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз түріндегі нұсқасын қалыптастыру үшін ІЭМ басып шығарылады.

Мемлекеттік корпорацияның филиалы екі жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды, ІЭМ-ді ресімдеудің және зейнетақылар мен жәрдемақыларды есептеудің дұрыстығын тексереді.

21. Жасына байланысты толық емес көлемдегі зейнетақы төлемдері толық зейнетақы төлемінен 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтіліне барабар үлес ретінде есептеледі.

Еңбек өтіліндегі толық айлардың саны талап етілетін өтіл айларының санына бөлінеді және есепке алынған табыстың 60 пайызына тең жасына байланысты толық зейнетақы төлемінің мөлшеріне көбейтіледі.

Заңнамада талап етілетін табыс болмаған жағдайда, толық емес көлемдегі зейнетақы төлемін есептеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін ең төмен зейнетақыға байланысты жүзеге асырылады.

22. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындаған және олардың мөлшері өзгерген кезде тиындармен есептелген барлық сома, тиындардың сомасына қарамастан бір теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады.

23. Уәкілетті орган келіп түскен ІЭМ-ді қарайды және осы Қағидаларға 13, 14, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бес жұмыс күні ішінде, базалық зейнетақы мен жәрдемақыларды төрт жұмыс күні ішінде тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

24. Негіздер болған жағдайда уәкілетті орган ұсынылған, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттың дұрыстығын бес жұмыс күні ішінде тексереді.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіге осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарға тексеру жүргізілетіні туралы хабарлама береді.

25. Негіздер болған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінен істің қағаз жеткізгіштегі макетін ІЭМ-мен салыстырып тексеру үшін сұратады.

26. Егер зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін ІЭМ-ге қосымша құжаттарды қосып тіркеу қажет екені анықталса, уәкілетті орган ІЭМ-ді осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламамен Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні жиырма бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді. Қайта ресімдеу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Егер талап етілген құжаттар отыз жұмыс күні ішінде ұсынылмаса, уәкілетті орган қолда бар құжаттар бойынша зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім шығарады.

Кейіннен барлық қажетті құжаттармен қайта жүгінген күн өтініш білдірген күн болып есептеледі.

ІЭМ-де портал арқылы қабылданған өтініштер бойынша тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін

жетіспейтін құжат болмаған жағдайда, уәкілетті орган тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

27. Зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылданған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламалар журналына тіркей отырып, оны өзі келген кезде береді немесе өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабар жіберу арқылы өтініш берушіні хабардар етеді. Sms-хабарлар осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарлар журналында тіркеледі.

28. Уәкілетті орган жасына байланысты зейнетақы төлемін немесе мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындау туралы шешім қабылдағаннан кейін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі еңбек кітапшасына "зейнетақы (жәрдемақы) тағайындалды" деген белгі қояды және оны өтініш берушіге өзі келген кезде қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші жүгінген кезде қол қойдыра отырып беретін осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес куәлік алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылады.

Куәлікті беру осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлікті тіркеу журналында тіркеледі.

Куәлік 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша беріледі.

Куәлігін жоғалтқан жағдайда алушының өтініші бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі телнұсқа жазып береді. Оң жақ үстіңгі бұрышына "Телнұсқа" деген белгі қойылады.

Зейнетақының немесе жәрдемақының түрі немесе мөлшері өзгерген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жүргізілген өзгерістер туралы куәлікке қосымша бетте қажетті жазба жасайды.

29. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушы жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін бұрын ұсынылған құжаттарды толықтыратын 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі, 1995 жылғы 1 қаңтардан бергі табысы туралы құжаттарды ұсынған кезде жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін өзгерту, жүргізілген арттырулар ескеріле отырып осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті берген күннен бастап осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес электрондық журналға тіркелетін уәкілетті органның шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте қосымша ұсынылған, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарының толық есептелмеуіне, ұсталмауына және уақтылы аударылмауына байланысты құжаттар бойынша есепке алынатын орташа айлық табыстың кезеңі жасына

байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері есептелген, бастапқы ұсынылған орташа айлық табыстың кезеңіне сәйкес келеді.

30. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген арттыруға, айлық есептік көрсеткіштің, ең төменгі күнкөріс деңгейінің, ең төмен зейнетақы, базалық зейнетақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты зейнетақылардың және жәрдемақылардың мөлшерін өзгерту осы Қағидаларға 27, 28, 29, 30, 31 және 32-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған уәкілетті органның шешімдерінің негізінде жүргізіледі.

31. Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) адам үшін төлем алатын қамқоршы (қорғаншы) ауысқан, мүгедектік тобы немесе асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақымен қамсыздандырылатын отбасының еңбек етуге қабілетсіз мүшелерінің саны өзгерген жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 13, 14, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша зейнетақы мен жәрдемақыны тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім жобасын дайындайды.

Алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні өзгерген кезде ОДҚ-да өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.

32. Мүгедек зейнеткерлік жасқа жеткен кезде мүгедектігі бойынша жәрдемақыны төлеу тоқтатылады немесе алып отырған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері ескеріле отырып қайта қаралады.

5. Тұрғылықты жері өзгерген кезде зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі

33. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдар не Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінен келген алушылар зейнетақы ісіне/жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуға, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақы ісіне/жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуды өтініш берушінің бұрынғы тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

34. Басқа елдерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидалардың 3-10-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынады.

35. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген, бұрын Қазақстан Республикасында жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалған адамдардың бұрын Қазақстан Республикасында тағайындалған жасына байланысты зейнетақы төлемін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету сәтінде белгіленген мөлшерде қалпына келтіруді не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаңа тағайындау рәсімінен өтуді таңдауға құқығы бар.

36. Кеткен елінде төлемдер алмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен және қайтып келген адамдарға зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу кеткен елінің уәкілетті органдары берген төлемдерді алмағаны туралы анықтаманы ұсынған кезде төлем тоқтатылған күннен бастап, бірақ оларды алу үшін жүгінер алдындағы үш жылдан асырылмай қалпына келтіріледі.

Бұл ретте жасына байланысты зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету сәтінде белгіленген мөлшерде қалпына келтіріледі. Егер кету кезеңінде жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне арттыру жүргізілген болса, олардың мөлшері осы арттырулар ескеріле отырып белгіленеді.

37. Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне кеткен адамның зейнетақы ісі/жәрдемақы алушының ісі Мемлекеттік корпорацияның басқа бөлімшелерінің сұрау салуы бойынша осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама-аттестатпен қоса жіберіледі.

38. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткен адамның осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініші негізінде зейнетақы ісі/жәрдемақы алушының ісі қолына беріледі немесе басқа елдердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша жіберіледі.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кетушілерге зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу ішкі істер органдарынан тіркеуден шығарылған айға қоса жүргізіледі.

6. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды жүзеге асыру тәртібі

39. Уәкілетті органның зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды тағайындау туралы шешімдерінің негізінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде тағайындалған зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын ай сайын, төлем айының алдындағы айдың 25-күніне Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) ұсынылатын, төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді.

40. Министрлік тиісті кезеңге төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары шегінде төлеуге қажетті бюджет қаражаты туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жібереді.

41. Министрлік төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне сәйкес Мемлекеттік корпорацияға бюджет қаражатын аударуды төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарында есепті кезеңге көзделген сома шегінде жүзеге асырады.

42. Төлейтін айға қажеттілікті қалыптастырғаннан кейін пайда болған сомалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес одан кейінгі айға қосылуға тиіс.

43. Мемлекеттік корпорация бюджет қаражатын алып, төлеу кестесіне сәйкес зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеуге төлем тапсырмаларын, сондай-ақ зейнетақылар мен жәрдемақылардан ұстап қалуларды қалыптастырады.

44. Зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеуді Мемлекеттік корпорация: зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шоттарына есептеу;

"Қазпочта" акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы алушыларға үйлеріне жеткізіп беру жолымен жүргізеді.

Алушының банк шотының нөмірі, төлеу тәсілі, алушының (қамқоршының, қорғаншының) тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушылар (қамқоршылар, қорғаншылар) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне осы өзгерістер туралы, тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен қоса өтініш береді.

45. Зейнетақыларды және жәрдемақыларды үйге жеткізіп беру мынадай санаттағы адамдарға:

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына;
зейнетақыларды және жәрдемақыларды сексен жастағы алушыларға;
бірінші топтағы мүгедектерге;

бөгде адамның күтіміне мұқтаж және денсаулық жағдайы бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға бара алмайтыны туралы медициналық қорытындысы бар адамдарға;

почта байланысының автоматтандырылған бөлімшелері (пункттері) болмаған жағдайда ауылдық жерде тұратын адамдарға жүргізіледі.

46. Алушыларға зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу бойынша өзара қарым-қатынас, егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзгеше белгілемесе, Мемлекеттік корпорация мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында жасалған шарттар негізінде регламенттеледі.

47. Зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеумен байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

48. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеуді осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның шешімінің негізінде:

1) зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым ұсынатын алушының банк шоттары бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның, оралманның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

3) іздеуде жүрген адамдардың хабар-ошарсыз кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

4) ата-ана құқықтарынан және қамқоршыны (қорғаншыларды) құқықтарынан айыру фактілерінің (босатылған және шеттетілген қамқоршылар (қорғаншылар) туралы), оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

5) зейнетақыларды және жәрдемақыларды алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

6) хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болған деп жарияланған адамдардың жеке зейнетақы шоттарына міндетті зейнетақы жарналарын (міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын) аудару немесе азаматтың тірі екендігін растайтын ақпараттың келіп түсу фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

7) қайтыс болған асыраушының балаларына, аға-інілеріне, апа-сіңлілеріне немесе немерелеріне күтім жасайтын адамдардың жұмысқа орналасу фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

8) жасы он сегізден асқан асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушының оқу орнынан шығарылғаны туралы немесе оның сырттай оқу нысанына ауыстырылғаны, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

9) судьяның отставкасын тоқтата тұру туралы мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап төлемдерді тоқтата тұрады.

49. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды төлеуді осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның шешімінің негізінде:

қайтыс болғаны туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтер; кеткен елінің уәкілетті органынан зейнетақы ісіне/жәрдемақы алушының ісіне сұрау салу;

зейнетақы немесе жәрдемақы алушының оны әділет органдарынан тіркеуден шығарғанын растайтын құжатпен қоса, зейнетақы немесе жәрдемақы төлеуді тоқтату туралы өтініші;

мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту немесе азаматтығынан шығу фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы мәліметтер;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының отставкадағы судьяға ай сайынғы өмір бойы қамсыздандыру тағайындалғаны туралы хабарламасы келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатады.

50. Төлемді қалпына келтіру үшін негіздеме болып табылатын мән-жайлар туындаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның электрондық шешім жобасымен қоса, жаңадан ұсынылған құжаттармен толықтырылған ІЭМ-ді дайындауы және оны уәкілетті органның бекітуі тоқтатыла тұрған күннен бастап не қалпына келтіруге құқық

басталған, бірақ оларды алу үшін жүгінер алдындағы үш жылдан аспайтын сәттен бастап осы Қағидаларға 13, 14, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жүргізіледі.

51. Қазақстан Республикасында төлемдер тағайындалған және тоқтатыла тұрған Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұруға ықтиярхаты бойынша тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына зейнетақы мен жәрдемақы төлеу тоқтатылған күнінен бастап, бірақ оларды алу үшін жүгінер алдындағы үш жылдан асырылмай, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрғанын растайтын консулдық есепке тұрғаны туралы белгісі бар құжаттарды ұсынған кезде қалпына келтіріледі.

52. Уәкілетті орган азаматтарды хабар-ошарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп тану туралы сот шешімдерінің күшін жою мәселесі бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінен хабар-ошарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп танылған адамның 10 пайыз міндетті зейнетақы жарналарын аудару немесе азаматтың тірі болу фактісін растайтын дәйекті ақпарат келіп түскені туралы хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа жүгінеді.

Сонымен бірге төлемдерді заңсыз алуда алушы тарапынан қылмыс құрамының болу немесе болмау фактілерін анықтау үшін уәкілетті орган құқық қорғау органдарына жүгінеді.

53. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақылар мен жәрдемақылардан ұстап қалуға атқарушылық іс жүргізу құжаттары келіп түскен жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ОДҚ-да ұстап қалуды жүргізеді.

Алушының зейнетақылар мен жәрдемақылардан ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Мемлекеттің корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған уәкілетті органның шешімі негізінде ұстап қалуды жүргізеді.

54. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің қызметкерлері қайтыс болу, кету фактілері туралы төлемді тоқтата тұру немесе алып тастау, төлемді қалпына келтіру, сондай-ақ алушылардың қайтыс болуына, кетуіне, төлемдерді тоқтата тұруға байланысты қажеттілік сомаларын азаю жағына қарай түзету жөніндегі негіздемелер, іс-әрекеттер белгіленген ұстап қалу сомалары туралы ОДҚ-да күн сайын жазбалар жасайды.

55. Зейнетақы немесе жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда, егер жерлеуге арналған біржолғы төлемге өтініш зейнетақы немесе жәрдемақы алушы қайтыс болған айдан кейін үш жылдан кешіктірілмей берілген болса, оны жерлеуді жүзеге асырған адамға алушы қайтыс болған сәтте айқындалатын мөлшерде жерлеуге арналған біржолғы төлем төленеді.

56. Жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау үшін жерлеуді жүзеге асырған жеке немесе заңды тұлға, қайтыс болған зейнетақы немесе жәрдемақы алушының тұрғылықты жеріндегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне өтініш берушінің

жеке сәйкестендіру нөмірі немесе заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі болған кезде осы Қағидалардың 57-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

57. Жерлеуді жүзеге асырған жеке немесе заңды тұлғадан өтініш қабылданған кезде жеке басты куәландыратын құжат, зейнетақы немесе жәрдемақы алушының қайтыс болғаны туралы мәліметтерді тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтер болмаған жағдайда жерлеуді жүзеге асырған жеке немесе заңды тұлға өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке басын куәландыратын құжат не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (куәлік) (заңды тұлғалар үшін) немесе дара кәсіпкердің патенті (заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);

2) алушының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе қайтыс болу фактісін растайтын басқа мемлекеттердің уәкілетті органы берген және апостиль қойып куәландырылған құжат;

3) зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шотының нөмірі туралы мәлімет.

58. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындауға ІЭМ-ді және шешімнің электрондық жобасын қалыптастырады және Мемлекеттік корпорацияның филиалына жібереді.

Мемлекеттік корпорацияның филиалы бір жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды, есептеудің және ІЭМ мен шешімнің электрондық жобасын ресімдеудің дұрыстығын тексереді және жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін уәкілетті органға жібереді.

Уәкілетті орган электрондық құжаттармен келіп түскен шешімнің электрондық жобасын қарайды, олар уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

59. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау туралы уәкілетті органның шешімінің негізінде олар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 41 немесе 42-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджет қаражатына өтінімді, сондай-ақ 43-қосымшаға сәйкес тізім-ведомосін қалыптастырады және Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

60. Мемлекеттік корпорация жерлеуге арналған біржолғы төлемді аударуды жүгінген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

7. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі адамдарға зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі

61. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі зейнетақы немесе жәрдемақы алуға құқығы бар адамға зейнетақы немесе жәрдемақы өтініштің және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне мекеме әкімшілігі ұсынатын, осы Қағидалардың 3-10-тармақтарында көзделген құжаттардың негізінде тағайындалады.

62. Егер адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне орналастырылған сәтте зейнетақы немесе жәрдемақы алушы болып табылса, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорация қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі осы Қағидалардың 33 және 37-тармақтарына сәйкес ұсынған, көрсетілген адамның өтініші негізінде төлемді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

63. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының зейнетақы/жеке ісін алғаннан кейін зейнетақы мен жәрдемақыны аудару үшін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының деректемелерін көрсете отырып оны есепке қояды.

8. Интернаттық және мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу тәртібі

64. Қамқоршы (қорғаншы) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне адамды іс-әрекетке қабілетсіз (қабілеті шектеулі) деп тану туралы сот шешімінің көшірмесін не қамқоршылық және қорғаншылық органының шешімін және қамқоршылықты (қорғаншылықты) растайтын құжатты ұсынады.

Интернаттық (отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, Жасөспірімдер үйі, балалар үйі, ересектерге арналған немесе ақыл-есі кем балаларға арналған жалпы және арнаулы үлгідегі интернат-үйі және басқалар) және мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекеме орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды төлеуді осы Қағидалардың 33 және 37-тармақтарына сәйкес жүзеге асырады.

65. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушының стационар жағдайларында медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) түскені (шыққаны) туралы мәліметті алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 36 және 14-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) түскен (шыққан) айдан кейінгі айдың

бірінші күнінен бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тоқтата тұру (қалпына келтіру) туралы шешім жобасын дайындайды және оны Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы уәкілетті органға береді.

Уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде келіп түскен ІЭМ-ді қарайды және жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға құқығы жоқ адамдарды қоспағанда, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тоқтата тұру (қалпына келтіру) туралы шешім қабылдайды.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайларында тұратын және жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға құқығы жоқ, мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы адамдарға базалық зейнетақы төлемі зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылған олардың банк шоттарына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

66. Мемлекеттік корпорация жасына байланысты зейнетақы төлемдерін (төлейтін айға қажеттілікті қалыптастырғаннан кейін пайда болған сомалар) медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайларында тұратын және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы адамдарға медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға) түскені (шыққаны) туралы ақпарат келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап Заңның 21-бабының 2-1-тармағында белгіленген көлемде жүзеге асырады.

Атқарушылық іс жүргізу құжаттары немесе алушының ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Заңның 21-бабының 2-1-тармағында белгіленген жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің көлемі тиісті ұстап қалудан кейін айқындалады.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын адамдарға зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

67. Мемлекеттік корпорация мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуді "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-1 және 1-2 тармақтарында айқындалған мөлшерде және көлемде медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

Атқарушылық іс жүргізу құжаттары немесе алушының ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-1 тармағында белгіленген мүгедектігі бойынша және асыраушысынан

айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың көлемі тиісті ұстап қалудан кейін айқындалады.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын адамдарға зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

68. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жасына байланысты зейнетақыны немесе жәрдемақыны төлеуді медициналық-әлеуметтік мекемелерден (ұйымдардан), оның ішінде орталық атқарушы органның ақпараттық жүйесінен алушының шыққаны туралы ақпарат келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қалпына келтіреді.

69. Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайларында тұратын және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылған олардың банк шоттарына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

9. Қорытынды ережелер

70. Зейнетақылар мен жәрдемақылардың артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару:

алушының өтініші бойынша;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздемелер бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі төлемдерді республикалық бюджет кірісіне аудару үшін Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ақпараттық жүйелерден алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткені туралы мәліметтерді және (немесе) зейнетақы және жәрдемақы алушы тұруға кеткен елдегі уәкілетті органнан зейнетақы ісіне немесе жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуды) қоса бере отырып, зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

71. Зейнетақылар мен жәрдемақылардың сомалары қате аударылған жағдайларда Мемлекеттік корпорация зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға Мемлекеттік корпорация және зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым арасындағы шартта белгіленген нысан бойынша және тәсілмен төлем тапсырмасын кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпарат жолдайды.

Зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым қате аударым не кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпараттың негізінде ақшаны Мемлекеттік корпорацияға қайтаруды жүзеге асырады не нұсқауды орындауды тоқтата тұрады.

72. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қатыссыз себептер бойынша алушыларға артық аударылған (төленген) зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын есептен шығару үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі борышкердің қайда екені белгісіз болуына немесе мұрагері болмауына байланысты сомаларды қайтару мүмкін еместігі туралы ұйғарым шығару үшін сот органдарына жүгінеді.

Мемлекеттік корпорация артық аударылған (төленген) сомаларды есептен шығаруды сот актілерінің негізінде есептен шығару актісі бойынша жүргізеді.

73. Зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды төлеу жүзеге асырылатын зейнетақы істері/жәрдемақы алушылардың істері (қолданыстағы істер) қолданыстағы істер мұрағатында сақталады.

74. Зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды төлеу тоқтатыла тұрған зейнетақы істері/жәрдемақы алушылардың істері алушының өзі немесе отбасының мүшелері жүгінгенге дейін "Бақылауда" деген белгімен қолданыстағы істерден бөлек сақталады.

Алты ай өткеннен кейін іс соңғы төлемнің күні мен сомасы көрсетіле отырып есептен алынады және Мемлекеттік корпорация мұрағатына өткізіледі. Алты айдан артық мерзімге тоқтатыла тұрған зейнетақы істері/жәрдемақы алушылардың істері бойынша зейнетақы немесе жәрдемақы төлеуді Мемлекеттік корпорация уәкілетті органның зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау туралы шешімі бойынша қалпына келтіреді.

75. Зейнетақы ісінің/жәрдемақы алушы ісінің телнұсқасын қалпына келтіру уәкілетті органның шешімі негізінде жүргізіледі.

Зейнетақы ісінің/жәрдемақы алушылар істерінің қалпына келтірілген телнұсқасының мұқабасында оң жақ үстіңгі бұрышына "Телнұсқа" деген белгі қойылады.

Мемлекеттік базалық зейнетақы
төлемін бюджет қаражаты есебінен
беру,
сондай-ақ жасына байланысты
зейнетақы
төлемдерін, мүгедектігі бойынша,
асыраушысынан айрылу жағдайы
бойынша
және жасына байланысты берілетін
мемлекеттік базалық әлеуметтік
жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы
жәрдемақыларды тағайындау
және жүзеге асыру қағидаларына
1-қосымша

Ауданның коды _____

Қазақстан Республикасы

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің

_____ облысы (қаласы) бойынша департаменті

Өтініш

Азамат _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні: _____ жылғы " ____ " _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні _____ жылғы " ____ " _____

Тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы _____

Облыс _____

қала (аудан) _____ ауыл _____

көше (шағынаудан) _____ үй _____ пәтер _____

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шот түрі: ағымдағы _____ карта шоты _____

(қажетінің асты сызылсын)

Маған _____

(жасына байланысты зейнетақы төлемін, базалық зейнетақы; мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, № 1, № 2 тізім бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы) тағайындауды (қалпына келтіруді) сұраймын.

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың қатысушысы болдым/болған жоқпын қайтыс болған асыраушы міндетті әлеуметтік сақтандырудың қатысушысы болды/болған жоқ _____

(қажетінің асты сызылсын)

Ескертпе:

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға өтініш беру кезінде мүгедектік тобы немесе асырауындағы адамдардың саны көрсетілсін.

Бұрын басқа негіздер бойынша немесе басқа ведомстводан зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындалғанын/тағайындалмағанын (қажет емесі сызылып тасталсын) хабарлаймын.

Басқа отбасында (қайтыс болған адамның) балалары: бар/жоқ (қажет емесі сызылып тасталсын).

Мемлекеттік корпорацияның филиалы екі жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды, ІЭМ-ді ресімдеудің және әлеуметтік төлемді есептеудің дұрыстығын тексереді және әлеуметтік төлемдерді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін Қордың филиалына жібереді.

16. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы өтініштер және электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 19 және 20-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналдарында тіркеледі.

Жұмыспен қамту орталығына және МӘС бөлімшесіне жүгінген өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің үзбелі талоны беріледі.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген өтініш берушіге тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

17. Қордың филиалы төрт жұмыс күні ішінде шешім жобасымен ІЭМ-ді қарайды және әлеуметтік төлемдерді тағайындау (қайта есептеу) немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім (бұдан әрі – шешім) қабылдайды.

18. Негіздер болған жағдайда Қордың филиалы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар және әлеуметтік аударымдарды төлеушілер арқылы тиісті ақпаратқа сұрау салу жолымен әлеуметтік төлем тағайындау үшін ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіге осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды тексеру жүргізілетіні туралы хабарлама береді.

19. Негіздер болған жағдайда Қордың филиалы ІЭМ-мен салыстырып тексеру үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінен қағаз жеткізгіштегі іс макетін сұратады.

20. Егер әлеуметтік төлем тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін электрондық өтінімдер, оның ішінде жұмыспен қамту орталығынан және МӘС бөлімшесінен келіп түскен электрондық өтінімдер бойынша ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексеру мақсатында қосымша құжаттарды ІЭМ-ге қосып тіркеу қажеттілігі анықталса, Қордың филиалы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне ІЭМ-ді осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға құжаттарды жете ресімдеу қажеттігі туралы хабарламамен қайтарады. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды жиырма бес жұмыс күні ішінде ұсыну қажеттігі туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

21. Жете ресімдеу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

22. Егер отыз жұмыс күні ішінде талап етілген құжаттар ұсынылмаса, Қордың филиалы әлеуметтік төлем тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

23. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіні әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы Қордың филиалы қабылдаған шешім туралы:

өтініш беруші өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны табыстау;

өтініш берушінің ұялы телефонына sms (Short Message Service) хабар (бұдан әрі – sms-хабар) жіберу арқылы хабардар етеді.

Әлеуметтік төлем тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы sms-хабарлар осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарлар журналында тіркеледі.

24. Әлеуметтік төлемдерді тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, Қордың филиалы шешімде бас тарту себебін көрсетеді.

25. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларға тағайындалған әлеуметтік төлемнің сомасы туралы осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама (анықтамалар) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне алушының өзі жүгінген не алушыдан нотариалдық куәландырылған сенімхат бойынша үшінші адам жүгінген кезде беріледі.

26. Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) адам үшін төлемдер алатын қамқоршы (қорғаншы) ауысқан, мүгедектік тобы немесе асырауындағы адамдардың саны өзгерген жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жаңадан ұсынылған мәліметтермен толықтырылған ІЭМ-ді және бекіту үшін шешімнің жобасын дайындайды және Қордың филиалына жібереді.

Ақпараттық жүйелерде әлеуметтік төлем алушының тегі, аты, әкесінің аты, туған күні өзгерген кезде ОДҚ-да өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушы қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған), ата-ана құқықтарынан айырылған немесе олар шектелген, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген жағдайда, әлеуметтік төлем Заңның 23-2-бабына сәйкес балаға мемлекеттің толық қамсыздандыруы белгіленген жағдайларды қоспағанда, бір жасқа толғанға дейін оның күтімін жүзеге асыратын адамға жүргізіледі және Қордың филиалы бекітеді.

4. Әлеуметтік төлемдерді портал арқылы тағайындау тәртібі

27. Әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтініш беруші портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау үшін және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш беруші өзі жүзеге асырады.

28. Сұрау салуды портал арқылы жүзеге асырған өтініш беруші электрондық өтінішті және мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен келіп түскен мәліметтерді өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және оны уәкілетті органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жібереді.

29. Әлеуметтік төлем тағайындау үшін ұсынылған мәліметтермен қоса портал арқылы келіп түскен электрондық өтініш мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

- 1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;
- 2) тағайындау, төлеу, сондай-ақ әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш беру фактілерінің болмауы;

3) өтініш берушінің "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында көзделген жасқа жетуі.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексеру нәтижесі оң болған жағдайда, өтініш өндеуге арналған кіріс хабарламалар журналына орналастырылады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі портал арқылы жіберілген электрондық өтінішті қабылдаған кезде, өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданғаны туралы Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сымен куәландырылған хабарлама жіберіледі.

ІЭМ-де портал арқылы қабылданған өтініштер бойынша тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін жетіспейтін құжат болмаған жағдайда, Қордың филиалы әлеуметтік төлем тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

30. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес әлеуметтік төлем тағайындау (себебін көрсете отырып тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Хабарлама Қор филиалы басшысының ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

5. Әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу (айқындау) тәртібі

31. Әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының әлеуметтік төлемге құқығы туындаған күнге дейінгі орташа айлық табысы және тиісті коэффициенттер негізге алына отырып жүргізіледі.

Әлеуметтік төлемдер мөлшерін есептеген және өзгерткен кезде тиындармен есептелген сомалар бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

32. Еңбек ету қабілетінен айырылған, асыраушысынан айырылған, жұмысынан айырылған және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу кезінде орташа айлық табыс мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) табыс сомасын жиырма төртке бөлу арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$OAT =$

$\sum (AT1 + AT2 + AT3..... + AT24) / 24$, мұндағы:

OAT – ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысы;

AT – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген ай сайынғы табысы.

33. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу кезінде орташа айлық табыс мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) табыс сомасын он екіге бөлу арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$OAT_{\text{тжб}} =$$

$\sum (AT_1 + AT_2 + AT_3 + \dots + AT_{24}) / 12$, мұндағы:

$OAT_{\text{тжб}}$ – ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысы;

AT – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген ай сайынғы табысы.

34. Ай сайынғы табыс төлеушіден көрсетілген айда келіп түскен әлеуметтік аударымдар сомасын әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу және алынған нәтижені жүзге көбейту жолымен мынадай формула бойынша есептеледі:

$$AT = \Theta A a / S_{\text{эа}} \times 100$$
, мұндағы:

$\Theta A a$ – бір айдағы әлеуметтік аударымдар;

$S_{\text{эа}}$ – әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі.

35. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің сексен пайызын шегеріп, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін тиісті коэффициенттерге көбейту арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\Theta Te_a = (OAT - 80\% ETJ) \times TAK \times QOK \times EAK$$
, мұндағы:

ΘTe_a – еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;

OAT – ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысы;

ETJ – әлеуметтік төлем алуға құқық басталған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін ең төменгі жалақы;

TAK – табысты алмастыру коэффициенті;

QOK – қатысу өтілінің коэффициенті;

EAK – еңбек ету қабілетінен айырылу коэффициенті.

Бұл ретте табысты алмастыру, еңбек ету қабілетінен айырылу және қатысу өтілінің коэффициенттері Заңның 21-бабына сәйкес белгіленеді.

36. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем мөлшері әлеуметтік төлем алуға құқық басталған күнге республикалық бюджет туралы

заңда белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінің сексен пайызын шегеріп, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін тиісті коэффициенттерге көбейту арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$\Theta_{\text{Таа}} = (\text{ОАТ} - 80\% \text{ ЕТЖ}) \times \text{ТАК} \times \text{ҚӨК} \times \text{АСК}$, мұндағы:

$\Theta_{\text{Таа}}$ – асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;

ОАТ – ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысы;

ЕТЖ – әлеуметтік төлемге құқық басталған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы;

ТАК – табысты алмастыру коэффициенті;

ҚӨК – қатысу өтілінің коэффициенті;

АСК – асырауындағылар санының коэффициенті.

Бұл ретте табысты алмастыру, асырауындағылардың саны мен қатысу өтілінің коэффициенті Заңның 21 және 22-баптарына сәйкес белгіленеді.

37. Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін тиісті коэффициенттерге көбейту арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$\Theta_{\text{Т жа}} = \text{ОАТ} \times \text{ТАК} \times \text{ҚӨК}$, мұндағы:

$\Theta_{\text{Т жа}}$ – жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;

ОАТ – ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысы;

ТАК – табысты алмастыру коэффициенті;

ҚӨК – қатысу өтілінің коэффициенті.

Бұл ретте табысты алмастыру және қатысу өтілінің коэффициенттері Заңның 21 және 23-баптарына сәйкес белгіленеді.

38. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін біржолғы әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін тиісті коэффициенттерге көбейту арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$\Theta_{\text{Т жб}} = \text{ОАТ} \times \text{этжб} \times \text{ЕСК}$, мұндағы:

$\Theta_{\text{Т жб}}$ – жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлем;

ОАТ \times этжб – ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысы;

ЕСК – еңбекке жарамсыздық күндері санының коэффициенті.

Еңбекке жарамсыздық күндері санының коэффициенті жүктілік және босану, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алу бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағы берілген күндер санын күнтізбелік отыз күнге бөлу арқылы айқындалады.

Бұл ретте, еңбекке жарамсыздық күндері санының коэффициентінің мәні дөңгелектеудің арифметикалық әдісін қолдану жолымен үтірден кейін бір белгіге дейін дөңгелектенеді (үтірден кейінгі 5-ке дейінгі екінші белгі 0-ге дейін, 5-тен және одан жоғары болса 1-ге дейін дөңгелектенеді).

39. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін еңбекке жарамсыздық күндері санының коэффициенті Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүктілік және босану бойынша демалыс күндерінің санына байланысты айқындалады.

40. Ауыр босанған немесе екі және одан көп бала туған жағдайда еңбекке жарамсыздық күндері санының коэффициенті ауыр босануына немесе екі және одан көп бала тууына байланысты қосымша ұзартылған жүктілік және босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағы (парақтары) негізінде қайта есептеледі. Бұл ретте жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді қайта есептеу осы Қағидалардың 50-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін табысты алмастыру коэффициентіне көбейту арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$\Theta T \text{ бк} = OAT \times TAK$, мұндағы:

$\Theta T \text{ бк}$ – бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;

OAT – ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысы;

TAK – табысты алмастыру коэффициенті.

Бұл ретте табысты алмастыру коэффициенті Заңның 23-2-бабына сәйкес белгіленеді

42. Егер әлеуметтік төлемнің (бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді қоспағанда) есептелген мөлшері нөлге тең болса немесе теріс мән құрайтын болса, Қордың филиалы әлеуметтік төлем тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Егер бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің есептелген мөлшері нөлге тең болса, онда әлеуметтік қатерге дейінгі соңғы 24 айға ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына бала бір жасқа

толғанға дейін оның күтіміне байланысты әлеуметтік төлем Заңның 23-2-бабының 5-тармағына сәйкес тағайындалады.

Егер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайға әлеуметтік қатер туындаған күнге дейінгі соңғы 24 айға әлеуметтік аударымдар жүргізілмесе, онда оған "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады.

43. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының пайдасына бір айдың ішінде бір төлеушіден бірнеше рет әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда, аталған айға әлеуметтік төлемді есептеу үшін қолданылатын жиынтық табыс тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

44. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының пайдасына бір айдың ішінде екі және одан да көп төлеушіден әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда, әрбір төлеушіден келіп түскен әлеуметтік аударымдар бойынша ай сайынғы табыс тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде есептеледі, кейін олар жинақталады.

6. Әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қалпына келтіру, тоқтату және олардың мөлшерін қайта есептеу тәртібі

45. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлемдерді осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қор филиалының төлемді тоқтата тұру (қалпына келтіру) туралы шешімінің негізінде:

1) әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті ұйым ұсынатын алушының банк шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өткені туралы;

3) іздеуде жүрген адамдардың хабар-ошарсыз кету фактісі, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

4) ата-ана құқықтарынан және қамқоршыны (қорғаншыларды) құқықтарынан айыру фактілерінің анықталғаны туралы (босатылған және шеттетілген қамқоршылар (қорғаншылар) туралы);

5) әлеуметтік төлемдерді алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

6) хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдардың жеке зейнетақы шоттарына міндетті зейнетақы жарналарын (міндетті

кәсіптік зейнетақы жарналарын) аудару немесе азаматтың тірі екенін растайтын ақпараттың келіп түсу фактісінің анықталғаны туралы;

7) жасы он сегізден асқан асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушының оқу орнынан шығарылғаны туралы немесе оны сырттай оқу нысанына ауыстырғаны туралы;

8) қайтыс болғандар немесе қайтыс болды деп жарияланғандар туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтата тұрады.

Төлемді қалпына келтіру үшін негіз болып табылатын мән-жайлар туындаған жағдайда Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің жаңадан ұсынылған құжаттармен толықтырылған істің электрондық макетін электрондық шешім жобасымен қоса дайындауы және оны Қор филиалының бекітуі осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес тоқтатыла тұрған күннен бастап не қалпына келтіруге құқық басталған сәттен бастап жүргізіледі.

46. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем Заңның 21-бабының 7-тармағына сәйкес тоқтатыла тұрады.

Жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі өзгерген жағдайда, әлеуметтік төлем жалпы еңбек ету қабілетінің жаңадан белгіленген дәрежесіне сәйкес келетін мөлшерде жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі өзгерген күннен бастап қалпына келтіріледі.

Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы анықтамадан үзінді көшірмеге сәйкес жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі өзгерген күннен бастап жүргізіледі.

Әлеуметтік төлемнің жаңа мөлшері еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің ағымдағы мөлшерін жалпы еңбек ету қабілетінен айырылудың ағымдағы коэффициентіне бөлу және нәтижесін жалпы еңбек ету қабілетінен айырылудың жаңадан белгіленген коэффициентіне көбейту жолымен есептеледі.

47. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем Заңның 22-бабына сәйкес тоқтатыла тұрады.

Қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған, бала кезден бірінші немесе екінші топ мүгедегі деп танылған адамдарға қайта куәландыру жүргізілген жағдайда, асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем қайта куәландыру күнінен бастап қалпына келтіріледі.

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарынан отбасы мүшелері білім алушылар немесе күндізгі оқу нысаны бойынша студент болып табылатыны туралы анықтаманы кезекті ұсынған кезде асыраушысынан

айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған сәттен бастап, егер әлеуметтік төлем мөлшерін қайта есептеу жүргізілмесе, жазбаша өтініштің негізінде қалпына келтіріледі.

Асырауындағы адамдар саны ұлғайған жағдайда асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу әлеуметтік төлем алушы, қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) адамның асырауындағы отбасы мүшесі немесе асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің үлесіне құқығы бар адам жазбаша өтініш берген күннен бастап жүргізіледі.

Асырауындағы адамдар саны азайған жағдайда Мемлекеттік корпорация асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеуді, қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауындағы адамдардың біреуіне асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тоқтатылған күннен бастап жүргізеді.

Әлеуметтік төлемнің жаңа мөлшері асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің ағымдағы мөлшерін асырауындағы адамдар санының ағымдағы коэффициентіне бөлу және нәтижесін асырауындағы адамдар санының жаңадан белгіленген коэффициентіне көбейту жолымен есептеледі.

Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушының әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу туралы өтінішінің негізінде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қор филиалы бекіту үшін шешім жобасын қалыптастырады.

48. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруды осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қор филиалының шешімінің негізінде:

алушының қайтыс болғаны туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер;

әлеуметтік төлемді алушының оны Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарынан тіркеуден шығарғанын растайтын құжатты бере отырып, әлеуметтік төлемді тоқтату туралы өтініші келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатады.

Әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруды тоқтату Заңда көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

49. Ауыр босанған, екі және одан да көп бала туған жағдайда, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді қайта есептеу жүктілігі және босануы бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағына (парақтарына) сәйкес еңбекке жарамсыздық күндерінің жалпы саны ескеріле отырып, әлеуметтік төлемнің тағайындалған сомасын жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің қайта есептелген сомасынан алып тастау арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушының әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу туралы өтінішінің негізінде Қор филиалы бекіту үшін шешімнің жобасын қалыптастырады.

50. "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша берілетін мемлекеттік жәрдемақының ай сайынғы мөлшері қайта қаралған кезде бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің ең төменгі мөлшері бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша төленетін мемлекеттік жәрдемақының деңгейіне дейін қайта есептеледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қор филиалы бекіту үшін осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу туралы шешімнің жобасын қалыптастырады.

51. Әлеуметтік төлем тағайындауға жүгінген күннен кейін әлеуметтік төлемді есептеу үшін қабылданған кезеңде әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда алушыға тағайындалған әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу жүргізілмейді.

7. Әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру тәртібі

52. Еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайларда Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру Заңның 8-1-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде арттыру күніне тиісті әлеуметтік төлемдер тағайындалған адамдарға жүргізіледі.

Арттыру күніне аталған әлеуметтік төлемдер тағайындалған адамдарға әлеуметтік төлемнің тағайындалған мөлшерін тиісті арттыру пайызына көбейту жолымен жүргізіледі.

53. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қор филиалы бекіту үшін осы Қағидаларға 28 және 29-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тиісті әлеуметтік төлем тағайындалған әрбір адам бойынша еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы шешімдердің жобаларын қалыптастырады.

8. Әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру тәртібі

54. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы бекітілген шешімдердің негізінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде тағайындалған әлеуметтік төлемдердің сомаларын Қорға ай сайын төлем айының алдындағы айдың 25-күніне ұсынылатын жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты

табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемдерді қоспағанда, әлеуметтік төлемдерге қаражат қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді.

55. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлемдерге қаражат қажеттілігін Мемлекеттік корпорация күн сайын қалыптастырады.

56. Мемлекеттік корпорация дайындаған әлеуметтік төлемдерге қаражат қажеттілігі негізінде Қор үш жұмыс күні ішінде қажетті қаражатты Мемлекеттік корпорацияның шотына аударуды жүргізеді. Мемлекеттік корпорация қаражатты алып, үш жұмыс күні ішінде алушыларға әлеуметтік төлемдерді жүзеге асырады.

57. Мемлекеттік корпорация әлеуметтік төлемдерді:

қаражатты алушылардың банк шоттарына аудару;

қаражатты түзеу мекемесіндегі алушыларға түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотына аудару;

"Қазпочта" акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы алушыларға үйлеріне жеткізіп беру жолымен жүргізеді.

Әлеуметтік төлемдерді алушыларға үйге жеткізіп беру мынадай санаттағы адамдарға:

бірінші топтағы мүгедектерге;

бөгде адамның күтіміне мұқтаж және денсаулық жағдайы бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға бара алмайтыны туралы медициналық қорытындысы бар адамдарға;

почта байланысының бөлімшелері (пункттері) болмаған жағдайда, ауылдық жерде тұратын адамдарға жүргізіледі.

58. Алушының банк шотының нөмірі, төлеу тәсілі, алушының (қамқоршының, қорғаншының) тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушылар (қамқоршылар, қорғаншылар) осы өзгерістер туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен өтініш береді.

59. Егер адам түзеу мекемесіне орналастырылған сәтте әлеуметтік төлем алушы болып табылса, түзеу мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі түзеу мекемесінің әкімшілігі ұсынған, көрсетілген адамның өтініші негізінде әлеуметтік төлемді жүзеге асырады.

60. Алушы түзеу мекемелерінде болған уақытында әлеуметтік төлемдерді алмаған жағдайда, төлем осы Қағидаларға сәйкес қалпына келтіріледі.

9. Қор филиалының және (немесе) Мемлекеттік корпорацияның кінәсінен уақтылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу тәртібі мен мерзімдері

61. Мемлекеттік корпорация уақтылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын, индекстеуді ескере отырып төлеуді мынадай жағдайларда:

1) әлеуметтік төлем алушы әлеуметтік төлемдердің уақтылы не толық төлемегенін өздігінен анықтаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне өтінішпен жүгінгенде;

2) алушыға әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу (тағайындау) туралы соттың шешімі келіп түскенде;

3) әлеуметтік төлемдердің уақтылы не толық төленбегенін міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті орган, Мемлекеттік корпорация немесе Қор анықтағанда жүргізеді.

Әлеуметтік төлемдер сомаларын уақтылы не толық төлемеу фактісі анықталған кезде Мемлекеттік корпорация бірінші кезекте оларға қатысты уақтылы не толық төлемеу себептері жойылған алушылар бойынша уақтылы не толық төленбеу себептерін анықтайды, төлемдердің кешіктірілген уақыты үшін индекстеу сомаларын ескере отырып, уақтылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу үшін қажетті қосымша қаражат қажеттілігі сомаларының есебін жасайды және Қордың филиалы шешім шығару үшін шешім жобасын 30-қосымшаға сәйкес қалыптастырады.

Уақтылы не толық алынбаған әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеуді Мемлекеттік корпорация индекстеуді ескере отырып Заңның 20-бабының 8-тармағында көзделген тәртіппен жүргізеді.

62. Әлеуметтік төлемдерді алушыға уақтылы не толық төленбеген әлеуметтік төлемдер сомаларын индекстеу Қор активтерінің есебінен жүргізіледі.

10. Қорытынды ережелер

63. Әлеуметтік төлемдердің артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару, Қорға аудару үшін Мемлекеттік корпорацияның шотына:

алушының өтініші бойынша;

Заңның 12-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті ұйымға Қорға аудару үшін төлемдерді Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (ақпараттық жүйелерден алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кетуі туралы мәліметтерді) қоса бере отырып хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде артық есептелген (төленген) әлеуметтік төлемдердің қайтарылған сомаларын Қордың шотына аударады.

64. Әлеуметтік төлемдердің сомалары қате аударылған жағдайларда Мемлекеттік корпорация әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті ұйымға Мемлекеттік корпорация мен әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті ұйым арасындағы

шартта белгіленген нысан бойынша және тәсілмен төлем тапсырмасын кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпарат жолдайды.

Әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті ұйым қате аударым не кері қайтару немесе нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы ақпараттың негізінде ақшаны Мемлекеттік корпорацияға қайтаруды жүзеге асырады не нұсқауды орындауды тоқтата тұрады.

65. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қатыссыз себептер бойынша алушыларға артық аударылған (төленген) әлеуметтік төлемдер сомаларын есептен шығару үшін борышкердің қайда екендігі белгісіз болуына немесе мұрагерлерінің болмауына байланысты соманы қайтару мүмкін еместігі туралы ұйғарым шығару үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі сот органдарына жүгінеді.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері артық аударылған (төленген) сомаларды есептен шығаруды сот актілерінің негізінде есептен шығару актісі бойынша жүргізеді.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі есептен шығару актілерін үш жыл сақтайды

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан төленетін
әлеуметтік төлемдерді тағайындау,
мөлшерін есептеу (айқындау),
қайта есептеу, сондай-ақ
олардың жүзеге асырылу
қағидаларына
I-қосымша

Нысан

Ауданның коды _____

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ-ның
_____ облысы (қаласы) бойынша филиалы

Өтініш

Азамат (ша) _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні ____ ж. " __ " _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі _____

Құжаттың сериясы _____ Құжаттың нөмірі _____ Кім берген _____

Берілген күні ____ ж. " __ " _____

Тұрғылықты жері туралы мәлімет: _____

Облыс _____

қала (аудан) _____ ауыл _____

көше (шағынаудан) _____ үй, _____ пәтер

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шот түрі: ағымдағы _____ карта шоты _____

(қажеттісінің асты сызылсын)

Маған _____

(еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайына (жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін көрсете отырып), асыраушысынан айырылу жағдайына (асырауындағы адамдардың санын көрсете отырып), жұмысынан айырылу жағдайына, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылу жағдайына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылу жағдайына, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлемді – қажеттісі жазылсын) тағайындауды (үлес бөлуді, қалпына келтіруді, қайта есептеуді) сұраймын.

Отбасының құрамы туралы мәліметтер (асыраушысынан айырылу және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда толтырылады):

1) _____

2) _____

3) _____

4) _____

5) _____

6) _____

7) _____

Отбасы құрамында ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтары шектелген балаларды қоспағанда, туған, асырап алынған, сондай-ақ қорғаншылыққа алынған балалар ескеріледі, сондай-ақ отбасы құрамында егер басқа ата-ананың отбасында ескерілмесе, өгей балалар да ескеріледі.

_____ әлеуметтік төлем мөлшерінің өзгеруіне алып келетін барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), сауалнама деректерінің, банк деректемелерінің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне күнтізбелік 10 күн ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Отбасының мүшелері күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын оқушылар немесе студенттер болып табылатыны туралы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарынан анықтаманы жыл сайын (оқу жылының басында) ұсынуға

міндеттенемін.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе

Әлеуметтік төлем сомасынан міндетті зейнетақы жарналарын ұстауға келісім беремін (бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген адам толтырады **): иә/жоқ
Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем бойынша міндетті зейнетақы жарналары субсидияланатыны туралы және агент міндетті зейнетақы жарналарын аударған жағдайда тоқтатыла тұратыны туралы және тоқтатылуы мүмкін екендігі хабарланды.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Әлеуметтік төлемді тағайындау (бас тарту) туралы шешім қабылдау туралы sms-хабар жіберу жолымен, телефон байланысы арқылы хабарлауға келісім беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

телефоны _____ ұялы телефоны _____

Өтініш берген күні: 20 ____ ж. " ____ " _____

Өтініш берушінің қолы _____

Дәйексіз мәліметтер мен жасанды құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

Азамат _____ өтініші № _____ тіркелді.

Құжаттар қабылданған күн _____
(қию сызығы)

_____ өтініші қоса берілген құжаттармен қабылданды

өтініш тіркелген күн: 20 ____ ж. " ____ " _____

_____ әлеуметтік төлемді тағайындауға қажетті құжаттың (құжаттардың) жоқ екені анықталған жағдайларда, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұзартылады

құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және
ҚОЛЫ

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан төленетін
әлеуметтік төлемдерді тағайындау,
мөлшерін есептеу (айқындау),
қайта есептеу, сондай-ақ
олардың жүзеге асырылу
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Ауданның коды _____

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ-ның
_____ облысы (қаласы) бойынша филиалы

Өтініш

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні 19 ___ ж. " ___ " _____

тұрғылықты мекенжайы: _____

Маған _____

(ауыр босануыма немесе екі және одан көп бала тууыма

байланысты – қажеттісі жазылсын)

жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда
төленетін әлеуметтік төлемге қайта есептеу жүргізуді сұраймын.

Ауыр босанғанымды немесе екі және одан көп бала туғанымды растайтын
жүктілік және босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағын қоса
беріп отырмын.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік
төлемдерді тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға
және өңдеуге келісім беремін.

Берілген күні _____ Өтініш берушінің қолы _____

Азамат _____ өтініші

(құжаттармен қоса өтініш қабылданған күн)

20___ ж. " ___ " _____ № _____ қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
лауазымы және қолы:

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P/c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе

(қию сызығы)

Азамат _____ өтініші

№ _____ тіркелді, құжаттар қабылданған күн _____

Шешім қабылданған күн _____

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
лауазымы және қолы:

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан төленетін
әлеуметтік төлемдерді тағайындау,
мөлшерін есептеу (айқындау),
қайта есептеу, сондай-ақ
олардың жүзеге асырылу
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Ауданның коды _____

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ-ның
_____ облысы (қаласы) бойынша филиалы

Өтініш

Азамат _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні: _____ ж. "___" _____

ЖСН: _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні _____ ж. "___" _____

Тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы _____

Облыс _____

кала (аудан) _____ ауыл _____

көше (шағынаудан) _____ үй _____ пәтер _____

Маған еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік
төлем тағайындауды сұраймын.

Ескертпе:

Төленетін әлеуметтік төлемдер мөлшерінің өзгеруіне алып келетін
барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде
Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), сауалнама

деректерінің, банк деректемелерінің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне күнтізбелік 10 күн ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P/C №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1			
2			

Әлеуметтік төлем сомасынан міндетті зейнетақы жарналарын ұстауға келісім беремін (бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген адам толтырады **): иә/жоқ

Төлемді тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Әлеуметтік төлем тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы қабылданған шешім туралы ұялы телефонға sms-хабар жіберу арқылы хабарлауға келісім беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

үй телефоны _____ ұялы телефоны _____

өтініш берген күні: 20__ жылғы " __ " _____

өтініш берушінің қолы _____

Азамат _____ өтініші № _____ тіркелді.

Құжаттар қабылданған күн 20__ жылғы " __ " _____

құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

және қолы

(қию сызығы)

_____ өтініші қоса берілген құжаттармен 20__ жылғы " __ " _____ қабылданды, өтініш тіркелген күн: 20__ жылғы " __ " _____

(қызметті алу күні өтінішті Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде тіркеген күннен бастап): 20__ ж. " __ " _____

Әлеуметтік төлем тағайындауға қажетті құжаттың (құжаттардың) жоқ екені анықталған жағдайларда, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұзартылады.

құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

және қолы

Төленетін әлеуметтік төлемдер мөлшерінің өзгеруіне алып келетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), сауалнама деректерінің, банк деректемелерінің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне күнтізбелік 10 күн ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Дәйексіз мәліметтер мен жасанды құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілдім _____

өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Ауданның коды _____

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ-ның _____ облысы (қаласы) бойынша филиалы

Жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін

өтініш

Азамат (ша) _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні ____ ж. " ____ " _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы _____ Құжаттың нөмірі _____ Кім берген _____

Берілген күні ____ ж. " ____ " _____

Тұрғылықты жері туралы мәлімет: _____

Облыс _____

кала (аудан) _____ ауыл _____

көше (шағынаудан) _____ үй, _____ пәтер

Банк деректемелері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шот түрі: ағымдағы _____ карта шоты _____

